

ТАЛДАМАЛЫҚ АНЫҚТАМА

«Қызылорда облыстық фтизиопульмонология орталығы» ШЖҚ КМК-ның
сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізу нәтижелері бойынша

29 мамыр 2026 жыл

Қызылорда қаласы

КІРІСПЕ БӨЛІМ:

1. Қызылорда облысының денсаулық сақтау басқармасының «Қызылорда облыстық фтизиопульмонология орталығының» ШЖҚ КМК (әрі қарай – Орталық) қызметінде сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау объектісі болып табылады.

2. Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес іс-қимыл Төрағасының 2016 жылғы 19 қазандағы №12 бұйрығына және Қазақстан Республикасы Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі (Сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызмет) Төрағасының 2023 жылғы 26 қаңтардағы №13-15/557 бұйрығымен бекітілген (*өзгерістер енгізу туралы*) Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізудің үлгілік қағидаларына сәйкес жүргізілді.

3. Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдауды Кәсіпорынның 24.04.2026 жылғы №160 н/к бұйрығымен құрылған келесі құрамдағы жұмыс тобы жүргізді:

1) Шажанбаева Жанар Бақытовна - директордың пациенттерді қолдау және ішкі аудит жөніндегі орынбасары, Жұмыс тобының жетекшісі.

2) Алайдарова Гүлзиа Пірімжанқызы – Бас есепші, жұмыс тобының мүшесі.

3) Сәдуақасова Айгерім Сәдуақасқызы – мекеменің заңгері, жұмыс тобының мүшесі.

4) Байжанова Аякөз Ергазиевна – кадр бөлімінің инспекторы жұмыс тобының мүшесі

4. Ішкі талдау жүргізу мерзімі: 2026 жылдың I тоқсаны

Ішкі талдау жүргізу кезеңі: 27.04.2024ж. бастап 27.05.2025 жылға дейінгі кезеңі қамтылды.

5. Дәрігер статист Ж. Шажанбаева топ жетекшісі ретінде сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізу және жұмыс нәтижелері үшін басшылық жасау, үйлестіру және жауапкершілік жүктеледі.

СИПАТТАМА БӨЛІМ:

1. Талдау келесі бағыттар бойынша жүргізілді:

1. Кәсіпорын бөлімдерінің қызметін қозғайтын нормативтік құқықтық актілерде сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау;

2. Кәсіпорын бөлімдерінің ұйымдастырушылық-басқарушылық қызметіндегі сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау.

Талданатын объект туралы мәліметтер

1. Шұғыл медициналық көмек кезінде науқастарды медицина қызметкерлерінің алып жүруі;

2. Ересек тұрғындарға және балалар мен жасөспірімдерге мына мамандықтар бойынша консультативтік-диагностикалық және стационарлық медициналық көмек көрсету және ұйымдастыру;

3. Диагностика түрлерін жүргізу және ұйымдастыру

4. Медициналық реабилитология;

5. Педагогикалық және тәрбиелік жұмысы;

№1 бөлімше (пульмонология және диффдиагностикаға арналған)

№2 бөлімше (дәріге сезімталдығы сақталған бактерия бөлмейтін туберкулез науқастарына арналған)

№3 бөлімше (дәріге тұрақталған сақталған бактерия бөлетін туберкулез науқастарына арналған)

Өкпеден тыс туберкулез және хирургиялық емдеу бөлімшесі;

Балалар және жасөспірімдер бөлімшесі;

Жансақтау және анестезиология бөлімшесі;

Бактериологиялық зертхана;

Клиникалық зертханва;

Рентген бөлімі;

Қабылдау кеңес беру бөлімі;

Кәсіпорын бөлімінің қызметіне, оның ұйымдастыру-басқару қызметін, реттейтін құқықтық актілер мен ішкі құжаттарға жемқорлық тәуекелдерін анықтау.

Сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін ішкі талдау жұмыс тобы Қазақстан Республикасының Кодекстерін, заңдарын, нормативтік құқықтық актілерін, Орталықтың бөлімдердің қызметіне басшылыққа алатын құқықтық актілерін зерделеді.

Кәсіпорын бөлімдердің қызметінде келесідей нормативтік құқықтық актілерін пайдаланылады:

- «Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы» Қазақстан Республикасының 2020 жылғы 7 шілдедегі № 360-VI ҚРЗ Кодексі;

- «Қазақстан Республикасының Әкімшілік рәсімдік-процестік Кодексі» Қазақстан Республикасының 2020 жылғы 29 маусымдағы № 350-VI ҚРЗ Кодексі;

- Қазақстан Республикасының 2024 жылғы 1-ші шілдедегі №106-VIII ҚРЗ «Мемелекеттік сатып алу туралы Заңы»;

- Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 23 қарашадағы №414-V ҚРЗ «Қазақстан Республикасының Еңбек Кодексі»;

- «Тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемі шеңберінде және міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру жүйесінде дәрілік заттармен және медициналық ұйымдармен қамтамасыз етілуге, оның ішінде белгілі бір аурулары (жай-күйі) бар азаматтардың жекелеген санаттарын, амбулаториялық деңгейде тегін және (немесе) жеңілдікпен берілетін дәрілік заттардың, медициналық бұйымдардың және мамандандырылған емдік өнімдердің тізбесін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2017 жылғы 29 тамыздағы №666 бұйрығы;

- «Денсаулық сақтау саласындағы есепке алу құжаттамасының нысандарын, сондай-ақ оларды толтыру жөніндегі нұсқаулықтарды бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің м.а. 2020 жылғы 30 қазандағы № ҚР ДСМ-175/2020 бұйрығы.

- "Денсаулық сақтау объектілеріне қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар" санитариялық қағидаларын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2020 жылғы 11 тамыздағы № ҚР ДСМ - 96/2020 бұйрығы.

- АИТВ инфекциясының бар-жоғына міндетті кұпия медициналық зерттеп-қарау қағидаларын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2020 жылғы 27 қарашадағы № ҚР ДСМ-211/2020 бұйрығы.

- АИТВ инфекциясының профилактикасы саласында қызметті жүзеге асыратын мемлекеттік денсаулық сақтау ұйымдарында тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемі шеңберінде АИТВ инфекциясы мәселелері бойынша ерікті түрде анонимдік және (немесе) құпия медициналық зерттеп-қаралу және консультация алу қағидаларын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2020 жылғы 25 қарашадағы № ҚР ДСМ-204/2020 бұйрығы.

- Зертханалық диагностиканы жүзеге асыратын денсаулық сақтау ұйымдарының және (немесе) осы ұйымдардың құрылымдық бөлімшелерінің қызметі туралы ережені, сондай-ақ олар жүргізетін зерттеулердің көлемі мен түрлерін бекіту туралы Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрінің 2015 жылғы 28 қыркүйектегі № 758 бұйрығы.

Қызылорда облысының денсаулық сақтау басқармасының «Қызылорда облыстық фтизиопульмонология орталығының» ШЖҚ КМК (әрі қарай – Орталық) қызметінде сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне талдау жүргізілді. «Қазақстан Республикасының 2015-2025 жылдарға арналған сыбайлас жемқорлыққа қарсы стратегиясы туралы» Қазақстан Республикасы Президентінің 2014 жылғы 26 желтоқсандағы № 986 Жарлығын іске асыру мақсатында Қазақстан Республикасының сыбайлас жемқорлыққа қарсы стратегиясын іске асыру және Қызылорда **облыстық фтизиопульмонология орталығы сыбайлас жемқорлықтың деңгейін төмендету бойынша 2026 жылға арналған іс-шаралар жоспары бекітілді:** Жоспарда келесі іс-шаралар қарастырылған: «Қазақстан Республикасының сыбайлас жемқорлыққа қарсы стратегиясы туралы» басшылыққа ала отырып жұмыс жасау, Сыбайлас жемқорлыққа қарсы мониторинг жүргізіп басқармаға ақпарат беру, Сыбайлас жемқорлыққа тәуекелдігіне ішкі талдау жүргізу және ол бойынша қажетті шараларды қабылдау, қабылдаған шаралар жөнінде тоқсан сайын басқармаға ақпарат беру, Квазимемлекеттік сектор субъектілерінде сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс қызметін жүзеге асыруды ұйымдастыру жөнінде жұмыстар жасау, Бұқаралық ақпарат құралдарында жарияланған сыбайлас жемқорлық сипатындағы фактілері туралы материалдар бойынша жұмыс жасау, Сыбайлас жемқорлықпен қарсы күрес аясында ақпараттық жұмыстарды жүргізу үшін жергілікті бұқаралық ақпарат құралдары арқылы жұмыс жасау, Сыбайлас жемқорлық фактілері бойынша анықталған қылмыстық істер бойынша видео роликтер арқылы қызметкерлер арасында түсіндірме жұмыстарын жүргізу, Азаматтардың құқықтық мәдениетін көтеру және заңды құрметтеу дәстүрін қалыптастыру мақсатында құқықтық оқуларды ұйымдастыру, Қызметкерлердің арасындағы жемқорлыққа қарсы үгіт-насихат жұмыстарын жүргізу, Мемлекеттік қызметтерді алу барысында қызметкерлердің қызметтік жағдайын жеке мүддесі үшін пайдалануына жол бермеу туралы, Мемлекеттік сатып алу заңнамасы бойынша орын алған заң бұзушылықтарға талдау жасап, нәтижесімен тиісті мемлекеттік сатып алу комиссиясының мүшелеріне түсіндірме жұмыстарын жүргізу, Мемлекет басшысының сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес жөніндегі жалпы ұлттық іс-қимыл жоспарының басымдығы шеңберінде белгіленген тапсырмаларды басшылыққа алу. Орталықтың **сыбайлас жемқорлықтың деңгейін төмендету бойынша 2026 жылға арналған іс-шаралар жоспарының тармақтарын орындау бойынша жүргізілген жұмыс нәтижелері туралы** ақпарат.

Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдаудың жұмыс тобы орталықтың өзінің қызметінде басшылыққа алатын кодекстер, заңдар, нормативті құқықтық актілер, құқықтық актілер қарастырылды.

Қазақстан Республикасының 2020 жылғы 7 шілдедегі Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы № 360-VI ҚРЗ Кодексі Қазақстан Республикасының Конституциясына негізделеді және осы Заң мен Қазақстан Республикасының өзгеде нормативтік құқықтық актілерінен тұрады.

Талдау нәтижелері бойынша сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар жасауға мүмкіндік туғызатын дискрециялық өкілеттіліктер мен нормалар анықталған жоқ.

Кадрлық құрам бойынша:

2026 жылғы бекітілген штаттық кестеге сәйкес **230,0** бірлікте директормен бекітілген. Барлығы - **250** жұмыскер қызмет атқаруда. Оның ішінде дәрігер – **30** (бала күтімінде - 0), орта буын мамандар – **98** (бала күтімінде – 8), кіші буын мамандар – **80** (бала күтімінде – 6), өзге мамандар – **42** (бала күтімінде – 4), қоса атқаратын қызметтегі мамандар (по совмещению) – **4**.

ҚР «Ұлттық фтизиопульмонология ғылыми орталығы», «Қызылорда облысының денсаулық сақтау басқармасының» келісімі және «Қызылорда облысы әкімінің бірінші орынбасарының» бекітуімен 2025-2027жж аралығында облыстық фтизиопульмонология орталығының (бұдан әрі орталық) төсек сыйымдылығын тиімді пайдалану мақсатында, облыстық денсаулық сақтау басқармасының 31.10.2025 жылғы «2026 жылға төсек қорын айқындау туралы» Басқарманың 2025 жылғы 30 қыркүйектегі №443 бұйрығына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы №420 бұйрығы, 30.12.2025 жылғы «Облыстық фтизиопульмонология орталығы» ШЖҚ КМК төсек қорын қайта құрылымдау туралы» №283-н\к бұйрығы негізінде орталықтың төсек қоры 15.01.2025 жылдан бастап төмендегідей қайта құрылымдалды: төсек орынды 145 төсек орынға қысқарту жұмыстары жүргізілді. (қысқартылған төсек саны – 90)

Аталған орталықта төсек санының қысқартылуына байланысты штаттық бірлік қысқартылды. Барлық штаттық бірлік саны 276,5 болатын, қысқартылғаны 45,5. Дәрігер-3,0 орта буын-9,75 кіші буын-10,0 өзге-23,25 Сонымен қатар еңбек жағдайлары зиянды жұмыстарда істейтін жұмыскерлерге елу бес жасқа толған және олар үшін жиынтығында кемінде сексен төрт ай міндетті кәсіптік зейнетақы жарналары төлеу төлем жүзеге асырылуына байланысты, 98 қызметкер (16-орта буын қызметкері, 31.12.2025 жылдан бастап жұмыстан босатылды.

- кадрлардың сандық және сапалық құрамы, функционалдық міндеттерін ескере отырып лауазыммен айналысатын дәрігерлердің кәсіптік білімін зерделеу (ұсынылған сипаттамалармен және біліктілік талаптарымен салыстыру);

Кәсіпорын кадрларының сандық құрамы Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2010 жылғы 7 сәуірдегі №238 «Өңірлерді медицина қызметкерлерімен қамтамасыз етілу нормативтерін бекіту туралы» (Күшін жойған) Бұйрығына және Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2020 жылғы 25 қарашадағы № ҚР ДСМ-205/2020 «Өңірлерді медицина қызметкерлерімен қамтамасыз етудің ең төмен нормативтерін бекіту туралы» бұйрығына, Қазақстан Республикасы «Мемлекеттік мүлік туралы Заңының» 138-бабының 2-тармақшасына сәйкес бекітілсе, сапалық құрамы Қазақстан Республикасының 2020 жылғы 7 шілдедегі № 360-VI ҚРЗ «Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы» Кодексі және Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2020 жылғы 21 желтоқсандағы «Денсаулық сақтау саласындағы мамандықтар мен мамандандырулар номенклатурасын, денсаулық сақтау қызметкерлері лауазымдарының номенклатурасы мен біліктілік сипаттамаларын бекіту туралы» № ҚР ДСМ-305/2020 бұйрығына

сәйкес маман сертификаты талап етіліп, жұмысқа қабылданып отырған. Әр маманның қызметтік міндеттері бірінші басшымен бекітілген.

2026 жылы бірнеше сот отырыс болды, қазіргі таңда сот отырыстары жалғасуда, Қазақстан Республикасының Үкіметінің 2013 жылғы 31 желтоқсандағы №1562 қаулысы негізінде, кәспорында жұмыс жасайтын, жұмыс уақытының кемінде 80%-ында жұмыс жасайтын, туберкулез науқастармен тікелей қатынаста болатын медициналық қызметкерлердің міндетті кәсіптік зейнетақы жарнасына төлену керек болатын, бірақ 2013 жылдан бастап төленбей келген соған байланысты сот отырыстары болып жатыр.

Құқық бұзушылықтар анықталған жоқ.

- медицина қызметкерлерінің біліктілігін арттыруға және оқытуға бағытталған іс-шараларды талдау;

Мемлекеттік аудитпен қамтылған аралықта медицина қызметкерлері біліктілігін арттыру мақсатында әртүрлі семинарларға қатысып отырған.

2026 жылы облыстық фтизиопульмонология орталығы бойынша білімін жетілдірген жоғары және орта буын қызметкерлер жоқ. Қызметкерлер негізінен «БМСК кезеңіндегі науқастардың созылмалы обструктивті өкпе ауруларын жүргізу тактикасы», «Senim» Медицина саласы қызметкерлерінің салалық кәсіподағы Республикалық қоғамдық бірлестігінің Қызылорда облысы бойынша филиалы тарапынан «Еңбек жанжалдары. Еңбек жанжалдарын (дауларды) реттеу бойынша келісім комиссиясының қызметі» тақырыбында білім жетілдіріліп, сертификаттар алынған. «Астана оқу орталығы» Қызылорда филиалында «Ауруханаға дейінгі медициналық көмек (BLS,.)» бойынша жедел көмек көрсету жоғары және орта буын қызметкерлеріне сертификаттар берілген. Республикалық «Санат» біліктілікті арттыру орталығымен «Денсаулық сақтау және медицинадағы статистика» «Жаңа короновирустық инфекция (COVID-19) этиологиясы, эпидемиологиясы, клиникасы, диагностикасы, емі және алдан-алу», Қызылорда жоғары медициналық колледжі базасында «Жалпы медбикелік технологиялар», "Балалар мен ересектерге арналған жедел жәрдем және қарқынды емдеу", «Фтизиатрияның өзекті мәселелері», «Дәрігер қызметін SMR-ге беру принциптері» «тақырыптарында біліктілігін жетілдірілген, дипломдары мен сертификаттар алынған.

Бұл мәселе бойынша 058-нысанды, 17-нысанды, 43-нысанды, 30 –нысанды, 47-нысандағы тоқсандық және жылдық есептері, алынған дипломдары мен сертификаттар, қызметкерлердің кадрлық айналымдары мен біліктілік жетілдіруі, санаттылығы есептері, т.б. құжаттары қаралды. Бұзушылықтар анықталған жоқ.

Талдау жүргізген уақыты 2026 жылдың сәуір, мамыр айларында Орталықтың ұйымдастырушылық-басқарушылық қызметінде сыбайлас жемқорлыққа қарсы талдауға мына бағыттар:

персоналды басқару, соның ішінде кадрлардың ішінара ауысуы, мүдделер қақтығысы фактілері анықталған жоқ;

рұқсат беру функциясы жоқ;

бақылау функцияларын іске асырмайды;

бөлімшенің ұйымдастырушылық-басқарушылық қызметінен туындайтын өзге де мәселелер туындаған жоқ.

Мемлекеттік сатып алу және жылдық жоспардың толықтай атқарылуы бойынша жүргізілген қызметтерін атап айтатын болсақ:

Орталықтың 2026 жылға арналған даму жоспарында Қазақстан Республикасының Мемлекеттік сатып алу туралы заңының 5-бабын толықтай орындалып, мемлекеттік сатып алу веб-порталына уақытысында енгізілуде.

2026 жылы «Фтизиопульмонология орталығында» мемлекеттік сатып алу веб-порталы арқылы келісім шарт жасалды. Оның ішінде: ашық конкурс арқылы - 1, баға ұсыныстар бойынша – 71, өткізілмеген мемлекеттік сатып алу бойынша бір көзден алу тәсілімен – 19, мемлекеттік сатып алу туралы шартты тікелей жасасу арқылы – 33, электрондық дүкен арқылы – 31.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылдың Орталықтың жай-күйі қалыпты және онда жүргізіліп жатқан жұмыстар туралы ақпараттар, мәліметтер берілуде.

Тұрақты негізде 2025 жылға арналған Орталықтың сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі іс-шаралар жоспарының орындалуына және оның сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес саласында тиімділігіне мониторинг жүргізілуде.

Орталықтың директоры мен қызметкерлерінің қатысуымен өткізілетін әр жиналыс, отырыстарында ҚР «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Заңын, азаматтық қызметшілердің Әдеп кодексін, еңбек тәртібінің сақталуын қамтамасыз ету жөнінде ескертілуде.

Сондай ақ, сыбайлас жемқорлыққа қатысты келеңсіз жағдай фактілері орын алған жағдайда Орталықтың басқармаға жедел хабарлауы, жауапты қызметкерлер арасында оның алдын алу жұмыстарының жүргізілуі, әсіресе кадрлардың жиі алмасуына жол бермеуде, мемлекеттік қызметтердің көрсетілуі мен мемлекеттік сатып алуларды өткізуде, келісім, анықтамалар беру функцияларын атқару жағдайында сыбайлас жемқорлыққа жол бермеудің сақталуы қамтамасыз етіліп, тұрақты түрде бақылауға қойылған.

ҚР «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Заңының 8 бабына сәйкес, Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі Төрағасының 2016 жылғы 19 қазандағы № 12 бұйрығымен Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізудің үлгілік қағидаларына басшылыққа ала отырып, сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне талдау жүргізу мақсатында, сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне жүргізілген мониторинг негізінде Орталық қызметінде сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне талдау жүргізу жөніндегі жұмыс тобы құрылған. Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне талдау жүргізу жөніндегі жұмыс тобымен, өз қызметінде басшылыққа алынатын кодекстер, заңдар, нормативтік құқықтық актілер зерделенді.

Кадр мәселесін реттеу барысында құқықтық проблемалар немесе сыбайлас жемқорлық тәуекелдері анықталған жоқ.

Лауазымға іріктеу және тағайындау тәртібі мәселелерінің реттелмеуі.

«Қызылорда облыстық фтизиопульмонология орталығының» ШЖҚ КМК қызметкерлерін іріктеу мен тағайындау барысында Қазақстан Республикасының Еңбек кодексіне және ҚР Заңының талаптарына сәйкес жұмыстар жүргізіледі.

Атап айтқанда, емдеу ұйымдарында емдеу саласы, сонымен қатар кадр мәселесі, қызметкерлерді жұмысқа (дәрігерлер, орта және кіші буын медицина қызметкерлері, әкімшілік қызметкерлерді) қабылдау саласына сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізу.

Қазіргі таңда жұмысқа орналасу электрондық форматқа көшірілген, бос жұмыс орындары «электрондық еңбек биржасына» орналастырылады (enbek.kz).

«Халықты жұмыспен қамту туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 28-бабының 2-тармағына сәйкес, барлық медицина ұйымдарындағы бос жұмыс орындары enbek.kz сайтта ашық жариялануда, бос жұмыс орындары пайда болған

кезде медицина ұйымдары жергілікті жұмыспен қамту орталықтарына ақпарат беріп отырады.

Нәтижесінде облыстың барлық медициналық мекемелерінде бос және (немесе) уақытша бос орындарға әңгімелесу өткізудің және комиссия жұмысының ашықтылығын мен объективтілігін қамтамасыз ету үшін оның отырысына байқаушыларды шақыруды және әрбір кандидатпен әңгімелесу барысын техникалық жазба құралдары көмегін қолдану тапсырылған.

Сонымен қатар облыстың медициналық мекемелері бос және (немесе) уақытша бос орындар **электрондық еңбек биржасына** тіркеу арқылы хабарлама жариялайды.

Медициналық ұйымдарында бос жұмыс орны қалыптасқан жағдайда электрондық еңбек биржасынан жолданған түйіндемелерді қарап, әңгімелесуден өткеннен кейін еңбек шарты жасалып, жұмысқа қабылданады.

Алайда, жұмысқа қабылдау барысында электрондық еңбек биржасынан жолданған түйіндемелерді қарағаннан кейін әңгімелесу өткізу тәртібі регламенттелмеген.

Жұмысқа қабылдау барысының ашықтығының жоқ екенін көрсетумен сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне бейім екенін аңғартқан.

Бұл ретте, «**құқықтық олқылық**» болудың келесідей индикаторлары байқалады:

1) лауазымды тұлғаның және/немесе талдау объектісінің құзыретін регламенттейтін ережелердің болмауы, бұл заңсыз пайда алу мақсатында өкілеттіліктерді өз бетінше айқындау мүмкіндігін тудырады;

2) құқықтық акт немесе ішкі құжат талдау объектісі лауазымды адамының шешімдер қабылдау негіздері және тәртібі белгіленбеген.

Жұмысқа қабылдау барысында электрондық еңбек биржасынан жолданған түйіндемелерді қарағаннан кейін әңгімелесу өткізу тәртібі регламенттелмеген.

Лауазымға конкурстық іріктеуді жүргізбей тағайындау.

«Қызылорда облыстық фтизиопульмонология орталығының» ШЖҚ КМК тағайындау барысында лауазымға конкурстық іріктеуді жүргізбей тағайындау фактілері орын алмаған.

Конкурстық іріктеуді ресми түрде өткізу, біліктілік талаптарына сәйкес келмейтін адамдарды жұмысқа қабылдау.

Орталықтың бос лауазымдарға конкурсты өткізу және тәртіптік жазалардың мерзімінен бұрын алып тастау процесі тек НҚА-ға сәйкес өткізіледі. Бұл бағытта сыбайлас жемқорлық сипатындағы тәуекелдер анықталмады.

Бос орынның болуы, біліктілік талаптары, қажетті құжаттар тізбесі, іріктеудің әртүрлі кезеңінде жіберілген тұлғалар туралы ақпаратты орналастырмау, уақытылы және/немесе толық орналастырмау.

2026 жылдың Бос орынның болуы, біліктілік талаптары, қажетті құжаттар тізбесі, іріктеудің әртүрлі кезеңінде жіберілген тұлғалар туралы ақпаратты орналастырмау, уақытылы және/немесе толық орналастырмау фактілері болмаған.

Іріктеу кезеңдерін өткізу мерзімдерінің болмауы (бос орын туралы хабарландыруды орналастыру, құжаттарды қабылдау, әңгімелесу, тестілеу және т.б.).

«Қызылорда облыстық фтизиопульмонология орталығының» ШЖҚ КМК-нің конкурсы «Еңбек биржасы» сайты арқылы өткізіліп келеді. Бірыңғай конкурс отырысы кезеңінде кәсіпорын тарапынан жарияланған конкурстарда тиісті құжаттарды рәсімдеу кадр маманы арқылы жүзеге асырылады.

Кандиттар үшін әркелкі жағдайлар жасау.

Қазақстан Республикасының Еңбек кодексіне және ҚР Заңының талаптарына сәйкес жүзеге асырылады.

Үміткерлерді жұмысқа қабылдау туралы шешім қабылдайтын тұлғалардың мүдделер қақтығысын реттеу жөніндегі шараларды қамтамасыз етпеу.

Қазақстан Республикасының Еңбек кодексіне және ҚР Заңдарына сәйкес, жұмыскерлердің мүдделер қақтығысын болғызбау және реттеу жөніндегі шараларды қабылдауға тиіс. Басқарма тарапынан мүдделер қақтығысы орын алған жағдайда мүдделер қақтығысын болдырмау мақсатында тиісті шаралар қабылданады.

Тікелей директордың жұмыскердің өтініші бойынша немесе басқа көздерден ақпарат алған кезде мүдделер қақтығысын болғызбау және реттеу жөніндегі шараларды уақтылы қабылдауға, оның ішінде: 1) мүдделер қақтығысы соған байланысты туындаған немесе туындауы мүмкін мәселе бойынша жұмыскердің лауазымдық өкілеттіктерін атқаруды басқа жұмыскерге тапсыруға;

2) жұмыскердің лауазымдық міндеттерін өзгертуге;

3) мүдделер қақтығысын жою жөніндегі өзге де шараларды қабылдауға тиіс. Жұмыскердің, оның тікелей басшысы және мемлекеттік органның басшылығы өздеріне белгілі болған мүдделер қақтығысы жағдайларын болғызбау және реттеу жөніндегі шараларды қабылдамағаны үшін тәртіптік жауаптылықта болады.

Талдау объектісі қызметкерлерінің жалақысы, көтермелеулері туралы ақпараттың жабықтығы.

«Азаматтық қызметшілерге, мемлекеттік бюджет қаражаты есебінен ұсталатын ұйымдар қызметкерлеріне, шаруашылық жүргізу құқығындағы кәсіпорындардың қызметкерлеріне еңбекақы төлеу жүйесі туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2015 жылғы 31 желтоқсандағы № 1193 қаулысына және тиісті заңнама талаптарына сәйкес жүзеге асырылып келеді.

Тәртіптік жазалар алынбаған жағдайда, жұмыскерлерді көтермелеу.

Орталықтың жұмыскерлерін көтермелеу лауазымдық міндеттерін үлгілі орындағаны, мінсіз мемлекеттік қызметі, ерекше маңызды және күрделі тапсырмаларды орындағаны және жұмыстағы басқа да жетістіктері үшін, сондай-ақ олардың жұмысын бағалаудың нәтижелері бойынша қолданылады. «Азаматтық қызметшілерге, мемлекеттік бюджет қаражаты есебінен ұсталатын ұйымдар қызметкерлеріне, қазыналық кәсіпорындардың қызметкерлеріне еңбекақы төлеу жүйесі туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2015 жылғы 31 желтоқсандағы № 1193 қаулысы негізінде, тәртіптік жазалары бар қызметкерлерге Орталық тарапынан сыйақы берілмейді.

Мерзімнен бұрын алынған жазалардың көптігі.

Есептік кезеңде мерзімнен бұрын жазалар алынбаған.

Жұмыс нәтижелеріне қарамастан, талдау объектісінің лауазымды адамдарының қалауы бойынша қызметкерлерді көтермелеу.

Орталық қызметінің алға басуына өз үлесін қосып отырған орталық қызметкерлеріне сыйақы беру үшін орталықтың бөлім меңгерушілердің, орынбасарлардың ұсынысы негізінде сыйлықақы беру жөнінде шешімдер заңға сәйкес қабылданып келеді.

«Азаматтық қызметшілерге, мемлекеттік бюджет қаражаты есебінен ұсталатын ұйымдар қызметкерлеріне, қазыналық кәсіпорындардың қызметкерлеріне еңбекақы төлеу жүйесі туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2015 жылғы 31 желтоқсандағы № 1193 қаулысына сәйкес Орталық қызметінің алға басуына өз үлесін қосып отырған орталық қызметкерлеріне сыйақы беру үшін орталықтың бөлім

менгерушілердің ұсынысы негізінде сыйлықақы беру жөнінде шешімдер заңға сәйкес қабылданып келеді.

Тәртіптік жазаларды тым қысқа мерзімде алып тастау.

2026 жылы мерзімде тәртіптік жазалар алынбаған.

Заңнаманың бұзылуын, жеке немесе заңды тұлғалардың құқықтарын бұзуды немесе шектеуді жасаған немесе жол берген тұлғаларға тәртіптік сипаттағы шараларды қолданбау және тағы басқа.

Қазақстан Республикасының Еңбек кодексіне және ҚР Заңдарына сәйкес, «Қазақстан Республикасының Әкімшілік рәсімдік-процестік Кодексі» Қазақстан Республикасының 2020 жылғы 29 маусымдағы № 350-VI ҚРЗ Кодексіне сәйкес, Заңнаманың бұзылуын, жеке немесе заңды тұлғалардың құқықтарын бұзуды немесе шектеуді жасаған немесе жол берген тұлғаларға тәртіптік сипаттағы шараларды қолданбау және тағы басқа да фактілер орын алған жоқ.

2026 жылдың қызметкерлерге Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасы құқықтық статистика және арнайы есепке алу Комитетінің «Ақпараттық қызмет» жүйесімен қалыптастырылды. Қызметкерлер арасынан сыбайлас жемқорлық, әкімшілік тұрғысында құқық бұзушылық орын алмаған.

Сонымен қатар, айта кететін жайт, жұмысқа қабылданатын әрбір жұмыскерді қызметке қабылдамас бұрын осы тексеруден өтеді.

Мүдделер қақтығысын реттеу бойынша.

2026 жылдың Орталық бойынша мүдделер қақтығысы фактілері анықталған жоқ.

Мемлекеттік қызметтер көрсету бағыты бойынша

мемлекеттік қызмет көрсету 1-қызмет түрі көрсетіледі;

Рұқсат беру функцияларын іске асыру

Рұқсат беру функцияларын жүзеге асыру орталықтың құзыреттілігінде көзделмеген.

Бақылау функцияларын іске асыру

Орталық бақылау функциялары іске асырылмайды.

Бюджет және қаржы қаражатын игеру.

2026 жылы жалпы орташа есеппен 674 белсенді туберкулез науқасқа қаралған қаржы 2 615 013,0 мың теңге, туберкулезге қарсы препараттарға 481 587,0 мың теңге және МӘМС жүйесінде 297 ересек тұрғындарға стационарлық жағдайларда мамандандырылған медициналық көмекке 53 605,3 мың теңге қаржы қаралған. Жалпы ӘМСҚ-нан қаралған қаржы - 3 210 745,3 мың теңге. Бір белсенді туберкулез науқасқа бекітілген кешенді тарифы 338 133,33 теңге.

Ересек тұрғындарға стационарлық жағдайларда мамандандырылған медициналық көмектің орташа тарифы 180 489 теңге құрайды.

Бөлінген қаржы көлемінде Еңбек ақы қорына – 1 751 020,6 мың теңге, азық-түлікке–145 540,5 мың теңге, дәрі-дәрмектермен медициналық мақсаттағы заттарға - 1 109 660,5 мың теңге, (оның ішінде туберкулезге арналған дәрі-дәрмек- 550302,93) тауарларды сатып алуға – 49 103,9 мың теңге, коммуналдық қызметтерге -47 2019,3 мың теңге және басқада қызметтермен жұмыстарға -47 660,5 мың теңге қаралуда.

Кәсіпорынның айлық табыс қоры жалпы қаржының 55,6 %, азық түлік 4,6%, туберкулезге арналған дәрі-дәрмек 17,5%, дәрі-дәрмектермен медициналық мақсаттағы заттар 17,8%, тауарлады сатып алу 1,6%, коммуналдық шығындар 1,6%, басқа да қызметтермен жұмыстар 1,5% құрайды. Бір айда еңбек ақы қорына - 145,918,4 мың теңге, бір төсек күнге азық-түлікке – 3687,0 мың теңге және дәрі-дәрмектермен медициналық мақсаттағы заттарға 20966,0 – мың теңге жұмсалады.

Кәсіпорында ұйымдастыру-басқару қызметінен туындайтын өзге де мәселелер Жеке және заңды тұлғалардың өтініштеріне байланысты:

Орталыққа қарауға жолданған жеке және заңды тұлғалардың өтініштері бойынша Қазақстан Республикасының заңнамаларына сәйкес жауаптар берілуін, өтініштердің уақытылы есепке алынуын қадағалау бағытында талдау жасалды. Талдау барысында мерзімі кешігіп орындалған арыз-шағымдар анықталмады. Сонымен қатар, Орталықтың қызметкерлері Бас Прокуратураның Құқықтық статистика және арнайы есепке алу жөніндегі комитетінің «Ақпараттық сервисі» базасы бойынша тексеріліп, сотталмаған және айыппұлдар салынбағандығы анықталды. Бұқаралық ақпарат құралдарында қызметкерлерге қатысты теріс материалдар анықтауға мониторинг жүргізілді. Зертеу кезеңінде теріс материалдар анықталған жоқ. Прокурорлық қадағалау актілері келіп түскен жоқ. Сот тәртібімен даулар деректері орын алмаған. Жеке және заңды тұлғалардың өтініштерін қарау кезінде орын алатын кемшіліктердің алдын алу мақсатында, қызметкерлердің қатысумен «Жеке және заңды тұлғалардың өтініштерін қарау тәртібі туралы» ҚР Заң талаптары сақталған. Кәсіпорынның қызметіне сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне жүргізілген ішкі талдау нәтижесінде тәуекелдерін тудыратын сәйкесіздіктерді жою бойынша;

ҰСЫНЫМДАР:

Ұсыным: 1. Қызылорда облысы бойынша туберкулезбен ауыратын науқастардың ұлттық тіркелімінде тіркелген бір науқасқа айына тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемі шеңберінде ұсынылатын медициналық қызметтерге кешенді тарифқұнын 400 000 теңгеге көтеруі жөнінде ұсыныс. Облыс бойынша халыққа туберкулезге қарсы сапалы, қолжетімді медициналық көмек көрсету және ұйымдастыру шараларын жүзеге асыратын Облыстық фтизиопульмонология орталығы жалғыз мекеме болып табылады. Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің міндетін атқарушының 2020 жылғы 30 қазанындағы № ҚР ДСМ-170/2020 бұйрығына 01.01.2026 бастап қолданысқа енгізілген 14-қосымшаға сәйкес ақы төлеу туберкулезбен ауыратын науқастардың ұлттық тіркелімінде тіркелген бір науқасқа айына жүзеге асырылатын, тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемі шеңберінде ұсынылатын медициналық қызметтерге кешенді тарифі басқа облыстармен салыстырғанда өте төмен, кешенді тариф құны 340 710 теңгеммен бекітілген. Республика деңгейінде аурушандылық көрсеткіші бойынша алдыңғы қатарда болса да, бір науқасқа берілетін тариф құны басқа өңірлерімен салыстырғанда 12-ші орында. Қызылорда облысы бойынша 2022 жылы 273 226,12 теңге, алдыңғы жылмен салыстырғанда 10 %-ға, 2023 жылы 309 848,58 теңге, алдыңғы жылмен салыстырғанда 13 %-ға, 2024 жылы 324 683,82 теңге, 2023 жылмен салыстырғанда 4%-ға ғана көтерілген. Жаңа 2026 жылға бекітілген тариф құны 2025 жылмен салыстырғанда 2 577 теңге ғана қосылған. «Арал өңіріндегі экологиялық қасірет салдарынан зардап шеккен азаматтарды әлеуметтік қорғау туралы» Қазақстан Республикасының 30.06.1992 жылғы № 1468-ХІІ Заңының «Медициналық қызмет көрсетуді, денсаулық сақтау ісін қаржыландыруды және материалдық жағынан жабдықтауды ұйымдастыру» 12 бабына сәйкес «Қазақстан Республикасының Үкіметі экологиялық қасірет аймағы халқына медициналық мекемелерді ұстауға қаржы бөлу нормаларын бір тұрғынға шаққанда экологиялық апат аймағында 1,5 есе, экологиялық дағдарыс аймағында 1,3 есе және экологиялық дағдарыс жағдайына жакындаған аймақта 1,15 есе ұлғайтуға кепілдік береді» делінген. Яғни Қызылорда облысы экологиялық апат және экологиялық дағдарыс аймағы болып табылады. «Тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемі шеңберінде және міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру жүйесінде ұсынылатын медициналық

қызметтерге тарифтерді бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің міндетін атқарушының 2020 жылғы 30 қазандағы № ҚР ДСМ-170/2020 бұйрығында (әрі қарай – Бұйрық) кешенді тарифтерінің экологиялық коэффициенттері ескерілмеген. Яғни Қазақстан Республикасының Еңбек кодексіне және «Арал өңіріндегі экологиялық апат салдарынан зардап шеккен азаматтарды әлеуметтік қорғау туралы» 1992 жылғы 30 маусымдағы Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес экологиялық дағдарыс аймақтарында жұмыс істегені үшін қызметкерлерге лауазымдық айлықақысына 30% қосымша ақылар мен кезекті еңбек демалыстарына қоса берілетін экологиялық компенсациялар төленіп келеді. Соңғы 3 жылдың қорытындысымен салыстырып қарағанда, кәсіпорын қаржысының 2023 жылдың айлық жалақысы 1 584 506,5 мың теңгенің 228 885,1 мың теңгесі, 2024 жылы айлық жалақысы 1 599 614,8 мың теңгенің 244 812,9 мың теңгесі, 2025 жылы қызметкерлерге есептелген айлық жалақысы 1 576 521,3 мың теңге болса, оның 222 434,3 мың теңгесі экология үшін төленген қосымша ақылар. Қызылорда облысында қосымша экологиялық шығыстар қосылатынын ескерсек, басқа облыстармен салыстырғанда жоғары болуы тиіс, кешенді тарифте экологиялық коэффициент ескерілмеген. Осының салдары бөлінген қаржы жетпеушілігіне, тиісінше кредиторлық қарыздардың қалыптасуына алып келеді. Бұған қоса, бүгінгі таңда туберкулезбен ауыратын науқастардың ұлттық тіркелімінде тіркелген науқас саны төмендеуде. Сонымен бірге, ҚР Әлеуметтік Кодексінің 248-бабының 5-тармағына сәйкес орталық еңбек жағдайлары зиянды жұмыстарда істейтін, кәсіптері уәкілетті мемлекеттік органдар бекітетін өндірістердің, жұмыстардың, жұмыскерлер кәсіптерінің тізбесінде көзделген жұмыскерлер үшін бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорына міндетті кәсіптік зейнетақы жарналарын төлеуі тиіс. Яғни міндетті кәсіптік зейнетақы жарналардың мөлшері, міндетті кәсіптік зейнетақы төленетін қызметкерлерге кәсіпорын тарапынан төленетін күнкөріс деңгейінің мөлшері бекітілген бұйрықтың кешенді тарифінде ескерілмеген.

2) Жұмысқа қабылдау тәртібін реттейтін нормативтік құқықтық актіні қабылдау қажет және кәсіпорынға жұмысқа қабылдау барысында құрылатын комиссия құрамына басқару органы, яғни Басқарманың тиісті қызметкерлерінің және «SENIM» денсаулық сақтау жүйесі қызметкерлерінің салалық кәсіптік одағы» республикалық қоғамдық бірлестігінің Қызылорда облыстық филиалының өкілдерін енгізу қажет;

3) Жұмысқа қабылдау кезінде үміткерлермен әңгімелесу барысын бейне және аудио тіркеуді қолдану арқылы өткізу;

4) Кәсіпорының интернет сайттарында, әлеуметтік желілерінде бос орын туралы ақпараттарды жариялануын қамтамасыз ету.

«КЕЛІСІЛДІ»

Жұмыс тобы мүшелері:

Шажанбаева Жанар

Алайдарова Гүлзия

Сәдуақасова Айгерім

Байжанова Аякөз



Жұмыс тобының жетекшісі

Жұмыс тобының мүшесі

Жұмыс тобының мүшесі

Жұмыс тобының мүшесі

Қарау және тиісті шаралар қабылдау үшін ұсынылды:

Кәсіпорын директоры



С. Усейнов